

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
МӘРТӨК АУДАНДЫҚ
БІЛІМ БӨЛІМІ
«КЕҢСАХАРА ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КММ
030600, Кеңсахара ауылы
Болашақ көшесі 17
Факс. 8(71331) 72-3-87
Тел: 8 (71331) 72-3-87
E-mail: Kensahara-shkola@mail.kz



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
МАРТУКСКИЙ РАЙОННЫЙ
ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
КГУ «КЕНСАХАРИНСКАЯ
ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ
ШКОЛА»
030600, село Кеңсахара
Улица Болашақ №17
Факс: 8(71331) 72-3-87
Тел.8 (71331) 72-3-87
E-mail: Kensahara-shkola@mail.kz

2024 жылғы «29» тамыз

БҰЙРЫҚ № 104

Кеңсахара ауылы

Мектеп оқушыларын
тегін ыстық тамақпен
қамту туралы

Білім және ғылым министрінің 2020-жылғы 24-сәуірдегі №158 бұйрығының (ҚР Білім және ғылым министрінің 12.04.2023 жылғы №95 бұйрығымен өзгеріс енгізілген) 10-қосымшасына сәйкес «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтануды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызметіне байланысты және Ақтөбе облысының әкімдігінің 04.09.2023 жылғы «Ақтөбе облысының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін мемлекеттік ұйымдарының 1-4 сынып оқушылары үшін тегін тамақтандыруды ұйымдастыру туралы» №230 қаулысы негізінде, «Мәртөк ауданының білім бөлімі» ММ-нің 05.08.2024 жылғы №525 бұйрығына сәйкес

Бұйырамын:

1. 2024-жылдың 2-қыркүйегінен бастап жоғарыда аталған мемлекеттік қызмет арқылы тегін тамақтануға қосылған оқушылар мектеп асханасында тегін ыстық тамақпен қамтылсын.
2. Ақтөбе облысы әкімдігінің қаулысы негізінде облыстық бюджет есебінен мектепте 1-4-сынып оқушылары үшін тегін тамақтандыру ұйымдастырылсын.
3. «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтануды ұсыну» мемлекеттік қызметі сапалы және уақытылы көрсетілсін.
4. Оқушыларды тамақтандыру облыстық білім басқармасымен бекітілген ас мәзіріне сәйкес жүргізілсін. Оқушылардың тамағына жоғары сапалы тағамдарды сертификатымен қабылдау қамтамасыз етілсін, қадағалау мектеп медбикесі Г.Е. Жангазина (келісім бойынша) міндеттелсін.

5. Мектеп асханасындағы тамақтандыру жұмысы санитарлық-гигиеналық талаптарға сай жүргізілуі қадағалансын.
6. Бракераждық және мониторингтік комиссиялардың жұмысы сапалы және уақытылы жүргізілсін.
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Т.Бисембаеваға, әлеуметтік педагог Р.К.Умбеталинаға жүктелсін.

Мектеп директоры:



М.А.Умбеталин